

**«ABYROI SCHOOL Oral» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды**

2025 жыл

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

«ABYROI SCHOOL Oral» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. Орал қаласы, Ш.Айталиева көшесі, 4 ғимарат (10-11 сыныптар білім алады)

2. Орал қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 2/1 ғимарат (5-9 сыныптар білім алады)

пошта индексі 090000

2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт):

Байланыс телефоны: 8(747) 90011-25

Мектептің электронды поштасы: Oral.abyroischool.07@gmail.com

Мектептің web-сайты: <https://abyroi-oral.edu.kz/>

Мектептің инстаграмм парақшасы: https://www.instagram.com/abyroischool_oral?igsh=OHl1amNzcjh4NnRo

3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ТАЖ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер):

Мектеп директоры Рамазанов Абылай Асқарұлы (ЖСН 911024350842, Жеке куәлік № 060003194, 19.02.2025 жылы ҚР Ішкі істер министрлігі арқылы берілген).

«125 HIGH SCHOOL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы 03 желтоқсан №5 бұйрығы тағайындау

Байланыс телефоны: 877759836142

Жеке электронды поштасы: r_abylai@mail.ru

4) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:

2023 жылдың 13 қазанындағы Жалғыз қатысушының шешімімен «ABYROI SCHOOL Oral» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің **ЖАРҒЫСЫ.**

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Орал қаласының тіркеу және жер кадастры бөлімінің «Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы»

БСН 190840006004

Берілген күні: 18 қазан 2023 жыл

5) Рұқсат етуші құжаттар:

2025 жыл 27 мамыр Білім беру қызметімен айналысу үшін **Лицензия №KZ82LAM00008229.**

Алғашқы берілген күні: 25.12.2020 жыл

2025 жыл 27 мамыр Білім беру қызметімен айналысу үшін **Лицензияға қосымша №KZ82LAM00008229 №002**

Лицензиар: «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі.

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз:

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық» және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 57 бұйрығы. *(бұйрық көшірмесі қосымша жалғанды)*

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1.	Рамазанов Абылай Асқарұлы	Директор–комиссия төрағасы;
2.	Куспанова Алмагуль Жаксылыковна	Директордың орынбасары – комиссия төрағасының орынбасары;
3.	Дуйсмаганбетова Алима Муратовна	Директордың орынбасары – комиссия мүшесі;
4.	Елемесов Азильхан Исембаевич	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
5.	Сдыкова Алия Тлековна	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;

Өзін -өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

- 1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтар;
- 2) Оқыту және білім беру ;
- 3) Білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалды техникалық база.

Жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін - өзі бағалау өлшемшарттары

2-бөлім. Кадрлық құрамға талдау:

Қазақстан Республикасының қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штатына» сәйкес жасалған штаттық кестелер бойынша жалпы 76 педагог кадрлар еңбек шарты негізінде қызмет жасайды. Оның ішінде педагог-психолог-2, директордың тәрбие ісі орынбасары (сабақ бермейді) – 1.

Соңғы үш оқу жылындағы тиісті білімі бар жоғары білімді және арнаулы орта білімі бар педагогтар саны

Оқу жылы	Жалпы саны	Жоғары білімді педагогтар саны	Үлесі	Арнаулы орта білімі бар педагогтар саны	Үлесі
Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтер					
2023-2024	-	-	-	-	-
2024-2025	21	17	80%	4	19%
2025-2026	18	16	89%	2	11%
Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтер					
2023-2024	56	55	98%	1	2%
2024-2025	49	49	100%	0	0%
2025-2026	59	59	100%	0	0%

Мектеп бойынша жоғары білімді және арнаулы орта білімі бар педагогтар саны

Оқу жылы	Жалпы саны	Жоғары білімді педагогтар саны	Үлесі	Арнаулы орта білімі бар педагогтар саны	Үлесі
2023-2024	56	55	98%	1	2%
2024-2025	70	66	94%	4	5%
2025-2026	77	75	97%	2	3%

2023-2024 оқу жылында барлығы 56 педагогтің (пән мұғалімдерін қоса алғанда) 55-і жоғары білімді, 1-і арнаулы орта білімді педагог. Үлесі - 98%. 2024-2025 оқу жылында педагогтер саны артқан 70, 66-і жоғары білімді, 4-і арнаулы орта білімді. Үлесі – 94%. 2025-2026 оқу жылында педагогтер саны 77, 75-і жоғары білімді, 2-і арнаулы орта білімді. Үлесі – 97%. Арнаулы орта білімді 1 педагогтің білімінің

жоғарылауы нәтижесінде үлесі – 1% артқан.

Педагог мамандардың жетіспеушіліген байланысты өндірістік қажеттілікке байланысты 2023-2024 оқу жылында 3 педагог қызмет атқарса («Филология» мамандығымен Сати А.Р., «Шетел филологиясы» мамандығымен Даиркулова А.Т., Тарих мамандығымен Ерғалиев Н.Б.) 2024-2025 оқу жылында 6 педагог қызмет атқарды («Филология» мамандығымен Сати А.Р., «Шетел филологиясы» мамандығымен Даиркулова А.Т., Тарих мамандығымен Ерғалиев Н.Б., «Филология: қазақ тілі» мамандығымен Ескаирова А.Б., «Дәстүрлі-музыкалық өнер: Халық аспаптары» мамандығымен Қибашова А.Е., «психолог» мамандығымен Төлегенова С.Ө.). Сати А.Р. «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша 2025 жылы диплом алып ағылшын тілі пәні мұғалімі болып жұмыс атқаруда. Ерғалиев Н.Б., Даиркулова А.Т., Ескаирова А.Б. өз еркімен педагог лауазымынан босатылып басқа лауазымға ауыстырылды. Қибашова А.Б., Төлегенова С.Б. өз еріктерімен жұмыстан босатылды.

Соңғы үш оқу жылындағы жоғары оқу орнынан кейінгі «Магистр» академиялық дәрежесі бар педагогтар саны.

Оқу жылы	Жалпы саны	«Магистр» академиялық дәрежесі бар педагогтар саны
2023-2024	56	17
2024-2025	70	24
2025-2026	77	25

Педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесі - 2023-2024 оқу жылында 17 педагогте, 2024-2025 оқу жылында 24 педагогте, 2025-2026 оқу жылында - 25 педагогте бар. Педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі бар педагогтердің саны 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 8 педагогке артқанын көре аламыз.

Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:

Соңғы үш жылда қосалқы қызмет жасайтын педагогтар саны.

Оқу жылы	Жалпы саны	Қосалқы педагогтар саны
2023-2024	56	6
2024-2025	70	6
2025-2026	76	12

Педагог мамандардың қажеттілігіне байланысты 2023-2024 оқу жылында қоса атқару шарттарында 6 мұғалім, 2024-2025 оқу жылында 6 мұғалім, 2025-2026 оқу жылында 12 мұғалім сабақ береді. .

«ABYROI SCHOOL Oral» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша педагог кадрлармен жасақталуы туралы мәлімет (Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 7 қосымша тіркелді)

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

1) Мектеп басшысының аттестаттаудан өтуі туралы

№	Толық аты-жөні, лауазымы	Жалпы пед. өтілі	Әкімшілік қызметтегі пед.өтілі	Әкімшілік санаты, алған күні, айы, жылы	Инновациялық менеджмент бойынша біліктілігін арттыру тақырыбы	Аяқтаған күні, айы, жылы
1.	Рамазанов Абылай Асқарұлы	10 жыл	2 жыл	-	Білім берудегі менеджмент заманауи білім беру ұйымын тиімді басқарудың негізгі ретінде	21.01.2024ж

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

Соңғы 3 жылда аттестаттаудан өткен педагогтардың үлесі.

Оқу жылы	Жалпы саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
2023-2024	7	-	-	-	7
2024-2025	13	-	1	6	5

Аттестаттаудың перспективалық жоспарына сай педагогикалық қызметкер жүйелі түрде аттестаттаудан өтуде. **2023-2024 оқу жылында «Педагог-модератор»** біліктілік санатын алуға (беру) 7 педагог (химия пәні мұғалімі Шамилова А.Ж., химия пәні мұғалімі Баянғалиева М.Н., математика пәні мұғалімі Мустафин Р.Ж., тарих пәні мұғалімі Сагидуллин С.Е., тарих пәні мұғалімі Шакенова Д.М., орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аманбаев М.А. , дене шынықтыру пәні мұғалімі Ниетжан Д.А.) өтініш беріп, иеленген болатын.**3 педагогтың** (Рамазанов А.А.(тарих педагог-зерттеуші), Давлетчарова Э.В.(математика педагог-сарапшы), Қадырболатов А.Б. (тарих педагог-модератор)) Заңға өзгерістер енгізілуіне байланысты бар санаттары 2024-2025 оқу жылының екінші жартыжылдығына дейін сақталды.

2024-2025 оқу жылында «Педагог-модератор» біліктілік санатын алуға (беру) 5 педагог (қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Абсалямова А.Б., математика пәні мұғалімі Жұмақаев Қ.Қ., география пәні мұғалімі Қайыров Ғ.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Тулегенова Г.Т., педагог-психолог Сарсенғалиева Э.С.) өтініш беріп «педагог-модератор» біліктілік санатын иеленді. 1 мұғалім физика пәні мұғалімі Жанай Е. тестілеуден шектік балл жинай алмай педагог-модератор біліктілік санатына сәйкес келмеді. **«Педагог сарапшы»** біліктілік санатын алуға (беру) 6 педагог (математика пәні мұғалімі Салешов А.А.(иемлену), математика пәні мұғалімі Давлетчарова Э.В., математика пәні мұғалімі Қобанова А.С., математика пәні мұғалімі Мамбеталин Ж.Т., тарих пәні мұғалімі Қадырболатов А.Б., тарих пәні мұғалімі Сапа М.Г.) өтініш беріп «педагог-сарапшы» біліктілік санатын иеленіп-растаған болатын. «Педагог-сарапшы» біліктілік санатынан санатын бекітуге (көтеруге) ПББ тапсырмауына байланысты физика пән мұғалімі Орынов М.А. педагог-модератор біліктілік санатына төмендетілді. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.(2021 жылғы 12 қараша №561 бұйрығы) «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» 1 параграф,52 тармағы). **«Педагог зерттеуші»** біліктілік санатын 1 педагог (Рамазанов А.А.(тарих педагог-зерттеуші)) растады.

2025-2026 оқу жылында кезекті аттестациядан өту керек педагогтар саны- 13 .Оның ішінде 3 педагог педагог зерттеуші санатына, 3 педагог педагог-сарапшы санатына,7 педагог-педагог-модератор санатына аттестациядан өтуді жоспарлап отыр. Куспанова А.Ж. тарих пәні мұғалімі- педагог-зерттеуші (иемдену), Уразов Ержан Берикович тарих пәні

мұғалімі - педагог-зерттеуші (растау), Урумбасаров Берик Максатович тарих пәні мұғалімі - педагог-зерттеуші (иемдену), Бактыгулова А.Б.қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі- педагог-сарапшыны (растау), Қожамұратова Ж.Е. биология пәні мұғалімі - педагог-сарапшы (иемдену), Насиов Е.Т. география пәні мұғалімі- педагог-сарапшы (иемдену), Каирғалиева Карина Тимуровна ағылшын тілі пәні мұғалімі- педагог-модератор(иемдену), Каирғалиева Айжан Ергенқызы ағылшын тілі пәні мұғалімі- педагог-модератор(иемдену), Темирбаева Карлығаш Булатовна математика пәні мұғалімі- педагог-модератор(иемдену), Сати Айгүл Рахметқызы ағылшын тілі пәні мұғалімі- педагог-модератор(иемдену), Рамазанова Айнагуль Максуткалиевна орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі- педагог-модератор(иемдену), Досмухамедов Раниль Женисович информатика пәні мұғалімі - педагог-модератор(иемдену), Кабибуллина Айнур Даниярқызы химия пәні мұғалімі - педагог-модератор(иемдену)

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі:

Директор мен орынбасарлардың аттестациядан өту кестесі

№	Мұғалімдердің аты-жөні	Пәні	Санат ы	Соңғы өткен жылы	2025			2026			2027			2028			2029			2030		
					1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3
1	Рамазанов А.А.	Директор	-	-						+												
3	Дуйсмаганбетова А.М.	Директордың орынбасары	-	-									+									
4	Куспанова А.Ж.	Директордың орынбасары	-	-									+									
5	Елемесов А.И.	ДОҒЖО	3	25.12.2020 ж					+													
6	Искалиева Ж.Б.	ДТҒЖО	-	-															+			
7	Минжасов А.Ж.	ДОҒЖО	-	02.09.2025								+										
8	Сдыкова А.Т.	ДТҒЖО	-	-									+									

Елемесов А.И.(үшінші санаттағы басшының орынбасары) БҚО әкімдігі Білім Басқармасының Орал ҚБББ 21.06.2024 ж №250-Ө бұйрығы негізінде директор орынбасарларының аттестаттау мерзімі үш жылдан бес жылға ұзартылуына байланысты біліктілік санат екі жылға ұзартылды. Үшінші санатты басшының орынбасары Минжасов А.Ж.(2027 ж), Мектеп директоры Рамазанов А.А, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Елемесов А.И. перспективалық жоспар бойынша 2026 жылы аттестациядан өтеді.

Мектеп директорының басқа орынбасарлары Искалиева Ж.Б.(2029 ж), Сдыкова А.Т. (2027 ж),Куспанова А.Ж. .(2027 ж), Дуйсмаганбетова А.М. (2027 ж) директордың орынбасары қызметіндегі еңбек өтілі 5 жыл толмауына байланысты орынбасар ретінде біліктіліктерін әзірге көтермеді.

Соңғы 3 жылдағы педагогтардың сапалық құрам есебі

Оқу жылы	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Жалпы саны	Үлесі
Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтер							
2023-2024	-	-	-	-	-	-	-
2024-2025	-	1	5	1	2	21	28,5%
2025-2026	-	2	5	3	3	18	38%
Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтер							
2023-2024	-	4	6	19	8	56	17,8%
2024-2025	-	3	10	17	6	49	26,5%
2025-2026	-	8	18	17	12	59	44%

Соңғы 3 жылдағы педагогтардың мектеп бойынша сапалық құрамы

Оқу жылы	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Жалпы саны	Үлесі
2023-2024	-	4	6	20	8	56	17,8%
2024-2025	-	4	15	18	8	70	27%
2025-2026	-	10	23	20	15	77	42,8%

Еңбек өтілдері бойынша педагогтардың сапалық құрамы

Оқу жылы	барлығы	0-2	3-5	6-10	11-15	16-20	21 жоғ
2023-2024	56	26	14	8	3	2	3
2024-2025	70	27	18	10	6	5	4
2025-2026	76	18	20	14	8	8	8

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтер санаттары бойынша 2024-2025 оқу жылында үлесі – 28,5% ды құрайды. 2025-2026 оқу жылында педагогтердің санаттар бойынша үлесі 3% -ға көтерілген, 31,5% ға тең.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтер бойынша 2023-2024 оқу жылында санаттар үлесі - 17,8% ды құрайды. 2024-2025 оқу жылында санаттар үлесі -8,7%-ға көтерілген, 26,5% ды құраса, 2025-2026 оқу жылында санаттар үлесі – 15,5%-ға көтерілген, 42%-ды құрады. 2025-2026 оқу жылында педагог-зерттеуші саны 10 педагогқа, педагог-сарапшылардың саны 20 педагогқа артып 42,8% сапалық құрамды құрайды. Мұғалімдердің саны 21-ге артқан.

2025-2026 оқу жылында педагог кадрлардың барлығы-77. Біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші-10, педагог-сарапшы-23, педагог- модератор-20, педагог-15. Педагог-зерттеуші, педагог- сарапшы мұғалімдердің пайыздық үлесі-42,8% құрайды. Қоса атқарушы педагогтарды есепке алмағанда біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші-8, педагог-сарапшы-19, педагог- модератор-17, педагог-15. Педагог-зерттеуші, педагог- сарапшы мұғалімдердің пайыздық үлесі, мектептің сапалық құрамы -35% құрайды.

Мұғалімдердің еңбек өтіліне қарайтын болсақ еңбек өтілі 0-2,3-5 жыл жас мамандардың саны көбірек. Мектептің сапалық құрамының (педагог-сарапшы,педагог-зерттеуші үлесі) төмен болуы да мұғалімдердің еңбек өтілдеріне байланысты болып отыр. Мұғалімдер жыл сайын перспективалық жоспарға сай біліктілік санаттарын арттырып жатыр. Мұғалімдердің біліктілік санаттарын арттыру мақсатында мектептің директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары әдістемелік қолдау көрсетіп жұмыстануда.

Кадрлардың қозғалысы

Соңғы үш жылдағы педагог кадрлардың қозғалысы

Оқу жылы	Оқу жылының басындағы педагогтер саны	Келген педагогтер саны	Кеткен педагогтер саны	Оқу жылының соңы
2023-2024	50	12	6	56
2024-2025	70	7	7	70
2025-2026	76	7	6	77 (1 тоқсан)

2023-2024 оқу жылының басында 50 педагог болды. 12 педагог қабылданып, 6 педагог жұмыстан босатылды. /1 басқа лауазымға ауыстырылды/ Оқу жылын 56 педагогпен аяқтадық. 2024-2025 оқу жылының басында 70 педагог болды. 7 педагог қабылданып, 7 педагог жұмыстан босатылды. Оқу жылын 70 мұғаліммен аяқтадық. 2025-2026 оқу жылының басында 76 педагог болды. 1 тоқсанның ішінде 7 педагог қабылданып, 6 педагог жұмыстан босатылды. 2 тоқсанның басын 77 педагогпен аяқтадық.

Мектеп әкімшілігі құрамындағы өзгеріс: 2025-2026 оқу жылында тамыз айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Султанияров Қ.Т. өз еркімен жұмыстан кетті. Искалиева Ж.Б директордың оқу-ісі орынбасары лауазымынан директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары лауазымына ауыстырылды. Сдыкова А.Т. 1 бірлік директордың тәрбие ісі орынбасары және 0,5 бірлік ІТ завуч болып лауазымын ауыстырды. Директордың оқу ісі орынбасары лауазымына география пәні мұғалімі Минжасов А.Ж. тағайындалды.

Жыл сайын жылдық штаттық кестелері, тарификациялық тізімдер жасақталып, бекітіледі.
(2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының тарифтік есептеу құжаттарының көшірмелері қоса берілді)
(педагог кадрлардың штаттық кестесі 2023-2025 жылдарға қоса беріледі)

Үш жылла біп петтен сипетпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі

Оқу мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беру мақсатында жылда перспективалық жоспар жасалып педагогтар бейіні бойынша біліктілігін арттырады.

Соңғы 3 жылда басшының, орынбасарларының, педагогтердің біліктілік арттыру курсынан өту көрсеткіші

Оқу жылы	Педагогтер Саны	Біліктілігін арттырған педагогтер	Үлесі	Басшы, басшы орынбасарының саны	Басшы, басшы орынбасарының біліктілігін арттыру	Үлесі
2023-2024	56 (3 завуч сабақ бермейді)	53/51/	94%	8	7	88%
2024-2025	70 (3 завуч сабақ бермейді)	66/55/	94%	8	8	100%
2025-2026	77 (1 завуч сабақ бермейді)	77/71/	100%	7	7	100%

Үш жылда біліктілік арттыру курсынан барлық 49 педагог және мектеп директоры, 6 басшы орынбасары біліктілікті арттыру курсынан 100% өтті.

2023-2024 оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан 5 педагог өтпеді. Олардың ішінде 3 педагог біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтпеді (Жанай Е.Т., Насиов Е.Т., Орынов М.А.), 2 педагог еңбек өтілі 3 жыл толмады (Қайнарбай Р.А., директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Султанияров Қ.Т.)

2024-2025 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарынан 15 мұғалім өтпеді. Олардың ішінде 4 педагог біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтпеді (Жанай Е.Т., Искалиева Ж.Б., Насиов Е.Т., Суханова С.С.), 11 педагог еңбек өтілі 3 жыл толмады (Шапигатова М.О., Уразбаева Д., Төлегенова С., Сағидулла А., Рыскалиева А.Т., Өксікбай Г.Ж., Өмірзақ Е.А., Мусина Л.М., Қибашова А.Е., Қабақаев Ж.М., Кабдушева Н.С.)

2025-2026 оқу жылы басталғаннан бері 77 педагогтың 71 өз білімдерін пәндік құзыреттілікті арттыру бойынша оқу

курсынан өтті. Біліктілікті арттыру курстарынан өтепген 5 педагогтың еңбек өтілдері 3 жылға толмаған (Кабдушева Н.С., Кабибуллина А.Д.,Қабақаев Ж.М., Муханбеткалиева М.Б.,Өксікбай Г.Ж.). Менеджмент курсынан завучтар мен директор толық өтті. Біліктілік арттыру курсынан өту көрсеткіші 100 % құрайды.

2023-2024 оқу жылында 51 педагог біліктілікті арттыру курсы, 2024-2025 жылы 55 педагог, 2025-2026 оқу жылы басталғаннан бері 71 педагог өз білімдерін пәндік құзыреттілікті арттыру бойынша оқу курсынан өтті.

«Жаһандық құзыреттіліктер» тақырыбындағы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне арналған курста 2023 жылы Сапа М.Г. («Жаһандық құзыреттіліктер» 10.04.2023-21.04.2023 №0575407), 2024 жылы Ахметова Г.Ж. («Жаһандық құзыреттіліктер» 19.08.-29.08.2024 №0757036), 2025-2026 оқу жылында Опиев Д.Ж. («Жаһандық құзыреттіліктер» 13.10.-24.10.2025 №004809), Ахметов А.Қ («Жаһандық құзыреттіліктер» 13.10.-24.10.2025 №004810)курстан өтті.

Кәсіптік білім беру педагогы Жумагулова И.Ш. «Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының заманауи технологиялары мен әдістері: оқушылардың мамандық таңдау және кәсіби өзін-өзі айқындау дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары» (29.09-09.10.2025ж №11079) 80 сағаттық курстан өтті.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Соңғы 3 жылда педагогтардың халықаралық, республика, облыс, аудан көлемінде конкурстар мен жарыстарға қатыстырып, жүлделі орындар иеленген оқушылардың көрсеткіші

Оқушылардың жетістіктері

Оқу жылы	Қалалық	Облыстық	Республик алық	Халықара лық	Жалпы
2023-2024	37	6	21	2	66
2024-2025	52	4	27	1	84
2025-2026	18	10	-	-	28
I тоқсан					

2023-2024 оқу жылы

Деңгейі	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Бағыты				
Пәндік олимпиадалар	25	2	12	-
Ғылыми жоба	2	-	-	-
Шығармашылық	10	4	9	2

байқаулар				
Барлығы	37	6	21	2

2024-2025 оқу жылы

Деңгейі	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Бағыты				
Пәндік олимпиадалар	45	2	12	-
Ғылыми жоба	2	-	-	-
Шығармашылық байқаулар	5	2	15	1
Барлығы	52	4	27	1

2025-2026 оқу жылы 1 тоқсан

Деңгейі	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Бағыты				
Пәндік олимпиадалар	6	-	-	-
Ғылыми жоба	2	-	-	-
Шығармашылық байқаулар	10	10	4	-
Барлығы	18	10	4	-

2023-2024 оқу жылында оқушылар республикалық “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы, Кенгуру ойын-конкурсы, "Арғымақ" пәндер олимпиадасы, «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы, Республикалық пәндік олимпиаданың пәндер бойынша қалалық және облыстық кезеңіне қатысып жүлделі орындарды иеленді. Мәнерлеп оқудан «Голоса поэтов – голоса эпохи», «Сәкен оқуларына» қатысып жүлдегер атанды. Қалалық, облыстық деңгейдегі пікір-сайыс турнирлерімен қатар республикалық «Ел үміті» пікір сайыс турниріне оқушылар қатысып 2 орынды иеленген болатын. Оқушылар халықаралық «GALACTIC PROBLEM SOLVER» Роботехника байқауына қатысқан «Қатысушы сертификатына» ие болды. Оқушылар спорттық байқауларға да оқушылар қатысып мектептің мәртебесін биікке көтеруде.

2024-2025 оқу жылында оқушылар республикалық “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы, «Кенгуру-математика», «Ақ-желкен», "Алтын сақа», «Алтын түлек» пәндер олимпиадасы, «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы, Республикалық пәндік олимпиаданың пәндер бойынша қалалық және облыстық кезеңіне қатысып жүлделі орындарды

иеленді. Мәнерлеп оқудан "Жүрегім жыр толғайды"байқауына, «ЗЕРДЕ» зерттеу жобаларына қатысып қатысып жүлдегер атанды. Оқушылардың байқауларға қатысу деңгейі де жыл сайын артып келеді.

Мұғалімдердің жетістіктері

2023-2024 оқу жылы

Деңгейі	Қалалық	Облыстық	Республикалық
Бағыты			
Шығармашылық байқаулар	12	1	10

2023-2024 оқу жылында пән мұғалімдерді келесі байқауларға қатысты.

«Үздік

тандем: жастық шақ энергиясы және тәжірибе даналығы» қалалық байқауға Дуйсмағанбетова А.М., Абсалямова А.Б. қатысып 1 орынды иеленді. Педагогтер арасында өткен қалалық «Математикалық регатаға» Қобанова А.С., Салешов А.А., Давлетчарова Э.В. Жұмақаев Қ.Қ қатысып 3 орынды иеленді. Математика пәні мұғалімдеріне арналған «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасына Талапова Г.Т., Қобанова А.С., Давлетчарова Э.В., Шәріпова А.Қ. қатысып 3 орындарды иеленді. Ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасына Даиркулова А.Т., Каирғалиева А.Е., Болатова Б.С., Сати А.Р. қатысып 1-2 орындарды иеленді. Қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасына Абсалямова А.Б., Бактыгулова А.М. қатысып 2,3 орындарды иеленді. Облыстық «Сапалы білім – сапалы сабақтан» атты ашық сабақтар шеруінің қалалық кезеңіне Сати А.Р., Шәріпова А.Қ. қатысып Алғыс хатпен марапатталды. Физика пәні мұғалімдерінің қалалық олимпиадасына Карапшиев Б.Е. қатысып 2 орынды иеленді. Математика пәні мұғалімдерінің қалалық олимпиадасына Шәріпова А.Қ. қатысып 2 орынды иеленді. «Үздік ықшам бейнесабак» қалалық байқауға қатысып математика пәні мұғалімі Жұмақаев Қ.Қ. 2 орынды иеленді. «GHEMICAL REGATTA - 2024» байқауына химия пәні мұғалімі Шамилова А.Ж. қатысып қалалық кезеңнен 1, облыстық кезеңнен 2 орынды иеленді.

Мұғалімдердің жетістіктері
2024-2025 оқу жылы

Денгейі Бағыты	Қалалық	Облыстық	Республикалық
Шығармашылық байқаулар	11	0	2

2024-2025 оқу жылында пән мұғалімдерді келесі байқауларға қатысты.

Педагогтер арасында өткен қалалық «Математикалық регатаға» Болат А.Е., Талапова Г.Т. Мустафин Р.Ж., Давлетчарова Э.В. қатысып 2 орынды иеленді. Республикалық мұғалімдерінің онлайн байқауына қатысып физика пәні мұғалімі Карапшиев Б.Е. 3 орын, математика пәні мұғалімі Талапова Г.Т. 3 орынды иеленді. Физика пәні мұғалімдері арасында өткен қалалық «Квант» байқауына Хайретдинова Д.Е., Карапшиев Б.Е., Кадерова Д.С., Өтегенова Елназ Қ. Қатысып 3 орынды иеленді. Математика пәні мұғалімдері арасында өткен қалалық 4 дәстүрлі «Fact Real for teachers» шығармашылық байқауына Мустафин Р.Ж. қатысып қатысушы сертификатымен марапатталды. Математика пәні мұғалімдері арасындағы шығармашылық байқауының қалалық кезеңіне қатысып Мустафин Р.Ж. 2 орынды иеленді. Физика пәні мұғалімдері арасындағы шығармашылық байқауының қалалық кезеңіне қатысып Карапшиев Б.Е. 3 орынды иеленді. Қалалық «Биогео олимпиадасына» қатысқан география пәні мұғалімі Насиов Е.Т. 1 орын, биология пәні мұғалімі Жасқайратова Д.К. 1 орынды иеленді. «Сапалы білім – сапалы сабақтан» атты ашық сабақтар шеруіне Сати А.Р. қатысып Алғыс хатпен марапатталды.

Мұғалімдер өзара тәжірибе алмасу мақсатында 7-8 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде Насиов Е.Т., «Алтын сақа» олимпиадасының қалалық кезеңінде Талапова Г.Т., «Алтын тұғыр» олимпиадасының қалалық кезеңінде Мустафин Р.Ж. қазылық еткен еді. 7-8, 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде Шамилова А.Ж. қазылық еткен еді. Қалалық бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиадаға әділ қазы құрамында Искалиева Ж.Б болды.

Тарих пәні мұғалімі Рамазанов А.А. 27-28 мамыр 2025 жылы облыс көлемінде «ACTUALIS: Білім беру мен тәрбиелеу» әдістемелік керуен семинарына қатысып тәжірибе алмасқан болатын. «Профессор Отарәлі Бүркіттің лингвистикалық мұрасы, қазіргі қазақ филологиясының парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында Искалиева Ж.Б «Стилистикалық қателер мен олардың тіл мәдениетіне әсері», Дуйсмаганбетова А.М, «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында заманауи цифрлық трендтерді қолданудың жолдары» атты мақалалары жарияланды. «ЖАҒАНША КОЛЛЕДЖІНЕ 110 ЖЫЛ: ТАРИХ, ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАҒАШЫЛДЫҚ» тақырыбындағы республикалық ғылымитәжірибелік конференциясында Искалиева Ж.Б. «Ахмет Байтұрсынұлы идеяларының қазіргі өзектілігі» атты мақаласы жарияланды, Дуйсмаганбетова А.М. «Ұлттық құндылықтар арқылы ұлттық сананы қалыптастыру» атты мақаласы жарияланды.

Мұғалімдердің жетістіктері
2025-2026 оқу жылы

Денгейі	Қалалық	Облыстық	Республикалық
Бағыты			
Шығармашылық байқаулар	5	0	0

№	Мұғалімнің аты-жөні:	Байқаудың аты	Пәні	Нәтиже	Кезең
1	Қасымғали Ж.Қ	"Абайдың тілі ұрпаққа үлгі" эссе байқауы	Қазақ тілі	III орын	қалалық
2	Каленова А.Ж. Сати А.Р.	"Үздік тандем: жастық шақ энергиясы мен тәжірибе даналығы"	Ағылшын	II орын	Желілік қауымдастық
3	Салешов А.А., Қобанова А.С., Талапова Г.Т., Мамбеталин Ж.	Математикалық регата	Математика	I орын	қалалық
4	Өмірзақ Ерсін Амангелдіұлы	«Білім нұрымен жарқыраған жарты ғасыр» интеллектуалдық сайыс	Математика	I орын	Желілік қауымдастық
5	Өмірзақ Ерсін Амангелдіұлы	«Білімдегі ЖИ сын мен ұсыныс» дебат турнирі	Математика	III орын	Желілік қауымдастық

2024-2025 оқу жылы 3 мұғалімнің іс-тәжірибесі облыс көлемінде таратылды.

№	Әдістемелік іс-тәжірибе атауы	Хаттама №, уақыты	Автордың аты-жөні
1	«XX ғасырдағы қазіргі заман тарихы. Оқиғалар. Тұлғалар» авторлық бағдарламасы	№2 25.04.2025ж	Рамазанов А.А.
2	«Ұлттық құндылықтар - ұлт қазынасы». 8 сынып элективті курс	№1 28.02.2025ж	Ж.Б.Искалиева А.М.Дуйсмагамбетова

2024–2025 оқу жылында өткізілген ғылыми-әдістемелік, кәсіби және тұлғалық даму бағытындағы шаралар

1. «Start Up» әдістемелік қолдау жобасы

☑ Мерзімі: Қыркүйек–мамыр айлары

Мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру, бір-бірімен әдістемелік идеялармен алмасу арқылы білім сапасын арттыру. Өтілу барысы: Жоба оқу жылы бойы жүргізіліп, пән мұғалімдері өздерінің ашық сабақтары, шеберлік сағаттары мен әдістемелік жаңалықтарын ортаға салды. Мұғалімдер өз тәжірибесін талдап, тиімді тәсілдерді бірлесе тандады. Осы жоба аясында Каленова Альбина Жұмабаевна “Gamified English: ойын элементтері арқылы тіл үйретудің құпиясы” тақырыбында, Сати Айгүл Рахметқызы “Digital Storytelling in ELT: оқушыны әңгіме арқылы сөйлету әдісі” тақырыбында, Каирғалиева Айжан Ергенқызы “Error is Power: Қателікті дамыту құралы ретінде пайдалану” тақырыбында тәжірибе алмасты. География пәні мұғалімі Абай Жасұланұлы “STEAM арқылы табиғатты тану: тәжірибе мен зерттеуге негізделген сабақтар” тақырыбында өз тәжірибесімен бөліссе, биология пәні мұғалімі Байбатырова Элеонора Сағатқызы “Жаратылыстану пәндері арқылы сыни және ғылыми ойлауды дамыту” тақырыбын ұсынды. Математика пәні мұғалімдері де өз тәжірибелерімен жас та болса, бөлісіп, қызықты талқы алаңын жасай алды. Мысалы, Кадерова Джамилия “Think Mathematically: логикалық ойлауды қалыптастыру стратегиялары” тақырыбын, Гүлзат Жанабайқызы “Сыни ойлау мен математикалық дәлел: сабақты диалогқа айналдыру” тақырыбын, Елназ Қобыландықызы “Математиканың өмірлік құзыреттерді дамытудағы орны” тақырыбын ұсынды. Анықтама: «Start Up» жобасы жас және тәжірибелі ұстаздардың өзара қолдау алаңы болып, мектеп ішіндегі әдістемелік мәдениетті нығайтуға бағытталған.

2. «Teach and Share» үздіксіз кәсіби даму жобасы

☑ Мерзімі: Қыркүйек–мамыр айлары

Мақсаты: Мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау, жаңа педагогикалық идеялар мен әдістерді тәжірибеге енгізу. Өтілу барысы: Жоба аясында педагогтер ай сайын кәсіби кездесулер өткізіп, өз пәні бойынша оқыту әдістерін талқылады. Әр қатысушы жаңа тәсіл енгізу бойынша шағын практикалық жұмыс жасап, нәтижесін бөлісті. Мысалы, Жадыра Болатқызының “Көшбасшылық және тіл мәдениеті: сенімге негізделген қарым-қатынас” тақырыбындағы, Алима Мұратқызының “Team Leadership: ұжымдық серіктестіктегі көшбасшылық” тақырыбы қызу талқыға ұласты. Альбина Жұмабаевна “Active Learning: белсенді оқыту әдістерінің жаңа қырлары” тақырыбы арқылы жас мамандарға жаңа әдістерлі үйретті. Айсара Бексұлтанқызының “Әдістен әсерге: оқытудағы шығармашылық трансформация” тақырыбының практикалық маңызы зор болды. Анықтама: Бұл жоба — ұстаздардың кәсіби бірлестігін күшейтіп, Lifelong learning қағидасын жүзеге асыруға бағытталған тұрақты тәжірибе алаңы.

3. «Оқушыларды ғылымға баулудың жолдары» семинар-кеңесі

☑ Мерзімі: Қазан айы. (Филология ғылымдарының PhD докторы Камшат Жұмашеваның қатысуымен)

Мақсаты: Оқушылардың зерттеушілік және ғылыми-шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын айқындау.

Өтілу барысы: Семинар барысында спикер ғылыми жоба жазу кезеңдері, зерттеу сұрағын құрастыру және оқушыны ғылыми ізденіске ынталандыру тәсілдері туралы тәжірибесімен бөлісті. Анықтама: Семинар ұстаздардың зерттеу мәдениетін дамытуға және оқушыларды ғылымға баулу ісін жүйелеуге үлкен серпін берді.

4. Аймақтық тәжірибе алмасу семинары.

☒ Мерзімі: Желтоқсан айы. Мақсаты: Мұғалімдердің аймақтық деңгейде кәсіби өзара байланысын дамыту, үздік тәжірибені тарату. Өтілу барысы: ABYROI SCHOOL ұстаздары — Альбина Жұмабаевна, Айсара Бексұлтанқызы, Абай Жасұланұлы және Жадыра Болатқызы аймақтық деңгейде өткен **«Заманауи сабақ: әдіс пен ықпалдың үйлесімі»** атты тәжірибе алмасу семинарына қатысып, өздерінің шығармашылық идеялары мен тәжірибелік әдістерімен бөлісті. Семинар барысында ұстаздар: оқушы белсенділігін арттыруға бағытталған **инновациялық әдістер, зерттеушілік және құндылыққа бағытталған оқыту технологиялары, эмоциялық және тілдік мәдениет арқылы сабақ тиімділігін арттыру жолдары** жөнінде тәжірибе ұсынды. Әрбір қатысушы өз сабағын өмірмен байланыстыру, оқушының ойлау дағдысын дамыту және педагогикалық серіктестік мәдениетін нығайту бойынша тәжірибелік мысалдармен бөлісті. ☐ Семинар тақырыбы: **«Шығармашыл ұстаз – сапалы білімнің тірегі»**. Бұл шара — ұстаздар арасындағы әдістемелік ынтымақтастықты, кәсіби ізденісті және аймақтық педагогикалық байланысты нығайтудың маңызды алаңы болды.

Анықтама: Бұл шара білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, педагогтердің кәсіби көкжиегін кеңейтті.

5. «Менталдық денсаулық және life–work balance» семинар-тренингі

☒ Мерзімі: Қаңтар айы. Мақсаты: Ұжым мүшелерінің эмоционалды тұрақтылығын арттыру, жұмыс пен өмір арасындағы теңгерімді сақтау мәдениетін қалыптастыру. Өтілу барысы: Тренингті мектеп психологы Сабина Өмірғалиқызы өткізді. Тренингте топтық жаттығулар, психологиялық ойындар мен релаксациялық тәжірибелер өткізілді. Анықтама: Семинар мектеп ұжымының ішкі ұйымшылдығын нығайтып, жағымды психологиялық ахуал орнатуға сеп болды.

6. «Балалықтан даналыққа» тұлғалық даму семинары

☒ Мерзімі: Қаңтар айы. («Зерек» орталығының директоры Манарбек Сайынұлының қатысуымен) Мақсаты: Ұстаздардың тұлғалық әлеуетін ашу, өзін-өзі дамыту және мотивацияны арттыру. Өтілу барысы: Спикер ұстаздық қызмет пен өмірлік миссияның үйлесімі туралы ой қозғады. Қатысушылар өмірлік мақсаттар картасын жасап, өз дамуының бағытын анықтады. Анықтама: Семинар педагогтердің ішкі ресурсын күшейтіп, олардың кәсіби және тұлғалық дамуына жаңа серпін берді.

7. «Кітап оқу бәйгесі» ұстаздардың тұлғалық дамуын қолдау жобасы

☑ Мерзімі: Мамыр айы.

Мақсаты: Оқырмандық мәдениетті арттыру, ұстаздардың ой-өрісін кеңейтіп, заманауи педагогикалық көзқарас қалыптастыру. Өтілу барысы: Бір ай бойы ұстаздар арасында кітап оқу жарысы ұйымдастырылды. Қатысушылар өз оқыған кітаптарын таныстырып, қысқаша рецензия мен пайдалы ойларын ортаға салды. Анықтама: «Кітап оқу бәйгесі» ұстаздардың зияткерлік және рухани дамуына ықпал етіп, мектептегі оқу мәдениетін нығайтты.

8. «EduLab» инновациялық идеялар зертханасы

Мерзімі: Ақпан айы

Мақсаты: Пән мұғалімдерінің заманауи білім беру технологияларын қолдану дағдыларын дамыту, шығармашылық бастамаларды қолдау және инновациялық ойлау мәдениетін қалыптастыру. Мазмұны: «EduLab» зертханасы аясында мұғалімдер шағын топтарда тәжірибе жасап, пән ерекшелігіне сай жаңа әдіс пен тәсіл енгізу жобасын қорғады. Жобалар сабақ құрылымындағы тиімді әдіс, оқушы белсенділігін арттыру стратегиялары және цифрлық педагогика бағыттарында ұсынылды. Қатысушылар:

- Альбина Жұмабаевна – «*Project-based Learning* арқылы зерттеуші оқушы қалыптастыру»
- Айсара Бексұлтанқызы – «*Gamified Learning: ойын элементтерін сабақта тиімді қолдану*»
- Абай Жасұланұлы – «*STEM-интеграцияланған сабақ үлгісі: ғылым мен тәжірибенің тоғысы*»
- Жадыра Болатқызы – «*Тілдік мәдениет пен креативті ойлауды дамыту әдістері*»
- Элеонора Сағатқызы – «*Digital Tools for Active Learning: цифрлық құралдар арқылы белсенді оқыту*»
- Елназ Қобыландықызы – «*Emotional Intelligence in Teaching: оқытудағы эмоциялық интеллект рөлі*»
- Гүлзат Талғатқызы – «*Data-based Education: деректерге сүйенген оқыту стратегиясы*»

Нәтиже:

Әр қатысушы өз пәніне бейімделген инновациялық тәсілді тәжірибеге енгізіп, оқу жылы соңында **ғылыми жәрмеңке** форматында өз жобаларының нәтижесін ұсынды. Бұл зертхана ұстаздарға әдістемелік серпіліс беріп, мектеп ішінде “**жаңа идеялар мәдениетін**” қалыптастыруға ықпал етті.

9. «Lesson Study Week» тәжірибе апталығы

☑ Мерзімі: Наурыз айы

Мазмұны:

Бір апта бойы мектеп ұстаздары **Lesson Study** әдісін тәжірибеге енгізіп, сабақ жоспарын бірлесе дайындап, сабақ өткізу процесін бақылап, кейін нәтижесін ортақ талқылау форматында өткізді. Әр топ өз пәнінің ерекшелігіне сай **оқушы белсенділігін арттыру, ойлау дағдысын дамыту және оқыту сапасын арттыру жолдарын** зерттеді.

□ Қатысушылар және зерттеу тақырыптары:

- Альбина Жұмабаевна – «Сабақтағы диалог мәдениеті арқылы сыни ойлауды дамыту»
- Айсара Бексұлтанқызы – «Қалыптастырушы бағалау – оқушы жетістігін көру құралы»
- Абай Жасұланұлы – «Топтық жұмыста көшбасшы оқушыны анықтау стратегиялары»
- Жадыра Болатқызы – «Оқушы тілін дамытудағы сұрақ қою техникасы»
- Элеонора Сағатқызы – «Жаңа әдістер арқылы тыңдалым және айтылым дағдыларын дамыту»
- Елназ Қобыландықызы – «Lesson Study арқылы оқушының өзін-өзі бағалау мәдениетін қалыптастыру»
- Гүлзат Талғатқызы – «Математика сабағында зерттеу тапсырмаларының тиімділігі»

Нәтиже: Lesson Study Week барысында мұғалімдер бір-бірінің тәжірибесін бақылай отырып, **сабақ тиімділігін арттырудың ғылыми тәсілін** меңгерді.

Апта соңында өткен рефлексиялық кездесуде педагогтер оқушыға бағытталған оқытудың нақты артықшылықтарын айқындап, келесі кезеңге арналған әдістемелік ұсыныстар дайындады. Бұл апталық — мектеп ішінде **зерттеуші мұғалім мәдениетін** дамытуға бағытталған маңызды кәсіби тәжірибе алаңы болды.

10. «Peer Review Day» — өзара сабақты талдау күні

☑ Мерзімі: Сәуір айы

Мақсаты: Мұғалімдердің өзара кәсіби пікір алмасуын жүйелеу.

Мазмұны: Әр ұстаз өз сабағын әріптесіне көрсетіп, кері байланыс алды.

Нәтиже: Сабақтың сапасы жақсарып, бір-бірінен үйрену мәдениеті қалыптасты

Білім алушылар контингенті:

1) деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектеп контингенті жинақталды. Мектептің білім алушыларын есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, білім алушыларды оқытумен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Білім алушылар контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етіледі. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

Мектептің оқу кабинеттерінің жобалық қуаты 24 оқушыға арналған.

2024-2025 оқу жылында 3 оқушы аты-жөнін өзгертті. 11 Н сынып оқушысы Сағындық Айым Мейрамқызы-Сагиндикова Айым Мейрамовна, 11 А сынып оқушысы Кужабергенев Жаныбек Казбекович- Қазбекұлы Жаныбек, 11С сынып оқушысы Мейрамбекұлы Азамат- Сейфуллин Азамат Мейрамбекович

Кесте 3.1**Білім алушылар контингентінің құрылымы
(жыл басында)**

Р/ с	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп			Негізгі мектеп			Орта мектеп			Мектеп бойынша барлығы		
		2023- 2024	2024- 2025	2025- 2026	2023- 2024	2024- 2025	2025- 2026	2023- 2024	2024- 2025	2025- 2026	2023- 2024	2024- 2025	2025- 2026
1	Білім алушылар саны	-	-	-	-	178	186	738	633	659	738	811	845
2	Жалпы сыныптар саны/білім алушылар саны	-	-	-	-	11/ 178	10/186	34/738	37/633	40/659	34/738	48/811	50/845
3	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар саны	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-

Берілген кестелерге сәйкес талдау жасайтын болсақ, оқушылар контингентінің артуына байланысты сынып-жиынтықтардың тұрақты өсуі байқалады.

Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылы

Р/с	Сынып	2023 – 2024ж.ж.	2024 – 2025ж.ж.	2025 – 2026ж.ж.
		Оқушы саны	Оқушы саны	Оқушы саны
1	5 «А»	-	20	22
2	5 «Ә»	-	19	-
3	6 «А»	-	18	18
4	6 «Ә»	-	17	20
5	7 «А»	-	18	23
6	7 «Ә»	-	17	21
7	7 «Б»	-	14	-
8	8 «А»	-	9	19
9	8 «Ә»	-	10	18
10	8 «Б»	-	-	17
11	9 «А»	-	18	15
12	9 «Ә»	-	18	13
13	10 «А»	22	16	19
14	10 «Ә»	26	17	19
15	10 «Б»	23	18	22
16	10 «В»	23	16	14
17	10 «Г»	23	13	13
18	10 «Ғ»	23	18	19
19	10 «Д»	23	22	16
20	10 «Е»	23	20	19
21	10 «Ж»	22	21	18
22	10 «З»	14	16	22
23	10 «И»	13	16	13
24	10 «К»	12	7	20
25	10 «Л»	23	17	11
26	10 «М»	-	-	14
27	11 «А»	26	16	19

28	11 «Ә»	23	18	17
29	11 «Б»	22	15	13
30	11 «В»	23	17	16
31	11 «Г»	23	19	17
32	11 «Ғ»	23	17	13
33	11 «Д»	22	18	14
34	11 «Е»	23	18	18
35	11 «Ж»	22	17	17
36	11 «З»	23	15	15
37	11 «И»	19	18	19
38	11 «К»	23	19	17
39	11 «Л»	19	20	20
40	11 «М»	22	21	20
41	11 «Н»	23	20	15
42	11 «О»	23	17	13
43	11 «П»	19	15	12
44	11 «Р»	23	12	20
45	11 «С»	23	14	20
46	11 «Т»	22	19	20
47	11 «У»	22	22	13
48	11 «Ф»	-	15	16
49	11 «Х»	-	20	7
50	11 «Ц»	-	14	17
51	11 «Ч»	-	-	15
52	11 «Ш»	-	-	17
Барлығы	52	738	811	845

2) білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Кесте 3.3

2023-2024 ж.ж.

Мерзімі	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны (тоқсан соңы)	Демалыс уақытындағы оқушылар қозғалысы
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті		
1 тоқсан	132	50	-	-	-	-	132	50	713	11 оқушы келді, 10 оқушы кетті
2 тоқсан	19	90	-	-	-	-	19	90	643	52 оқушы келді, 13 оқушы кетті
3 тоқсан	73	20	-	-	-	-	73	20	735	9 оқушы келді, 5 оқушы кетті
4 тоқсан	88	89	-	-	-	-	88	89	738	-

2024-2025 ж.ж.

Мерзімі	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны (тоқсан соңы)	Демалыс уақытындағы оқушылар қозғалысы
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті		
1 тоқсан	57	12	-	-	26	4	31	8	814	12 оқушы келді, 24 оқушы кетті
2 тоқсан	31	147	-	-	12	134	19	13	686	9 оқушы келді, 6 оқушы кетті
3 тоқсан	145	17	-	-	129	2	16	15	817	3 оқушы кетті
4 тоқсан	1	4	-	-	-	-	1	4	811	-

2025-2026 ж.ж.

2025-2026 оқу жылы I тоқсандағы контингент қозғалысы	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны (тоқсан соңы)	Демалыс уақытындағы оқушылар қозғалысы
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті		
1 тоқсан	30	35	-	-	7	12	23	23	845	7 оқушы келді, 3 оқушы кетті

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру, ауылдық жақтан келген оқушылардың үй мәселесі, ата-ананың оқу ақысын төлеуде қаржылық қиындықтың болуы.

Оқу-әдістемелік жұмыс:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі:

2023 – 2024 оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 31 тамыз 2023 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша 10-11 сыныптарда Үлгілік оқу жоспары «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен) —№ 21,22 қосымшалары;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат.

10-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық бағыты, жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, № 21,22 қосымшаларына сәйкес жасалды.

10-сыныптарда Жаратылыстану-математика бағытының физика-математика бейіні бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша физика, информатика, Қазақстан тарихы **«Физиканың негізгі заңдары»**, **«Ақпараттық технологиялар»**, **«Кіші жүз батырлары»**, **элективті курстар есебінен математикадан «15 жастағы оқушылардың математикадан функционалдық сауаттылықтарын практикаға бағытталған есептерді шешу арқылы дамыту»** курсы алынды.

10-сыныптарда Жаратылыстану-математика бағытының биология-химия бейіні бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша биология, Қазақстан тарихы, географиядан **«Биотехнология»**, **«Кіші жүз батырлары»**, **«Географиялық карталар мен картография»**, **элективті курстар есебінен химиядан «Органикалық химия курсы модельдеуді оқыту»** курсы алынды.

10 сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша, оның ішінде дүниежүзі тарихы-география, қазақ тілі мен әдебиеті бейіні бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша қазақ тілі, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, география, дүниежүзі тарихынан **«Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі»**, **«Көркем шығарманы талдау»**,

«Master the language», «Географиялық карталар мен картография», «Әлемді өзгерткен ұлы оқиғалар» курстары алынды.

11-сыныптарда жаратылыстану-математика бағыты бойынша, оның ішінде физика-математика және информатика-математика бейіндері бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша физика, информатика, Қазақстан тарихы «Мектеп физика курсының бағдарламасына сәйкес есеп шығарудың әдістемелік жолдары», «Ақпараттық технологиялар», «Кіші жүз батырлары», элективті курстар есебінен математикадан «Алгебра және анализ бастамалары пәнінен қорытынды аттестаттауға дайындау» курсы алынды.

11 сыныптарда жаратылыстану-математика бағыты бойынша, оның ішінде биология-химия бейіні бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша биология, Қазақстан тарихы, географиядан «Биотехнология», «Кіші жүз батырлары», «Әлемдік мұра географиясы», элективті курстар есебінен химиядан «Практикалық мазмұнды есептер шығару» курсы алынды.

11 сыныптарда Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша, оның ішінде дүниежүзі тарихы-география және қазақ тілі мен әдебиеті бейіндері бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша қазақ тілі, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, география, дүниежүзі тарихынан «Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі», «Шахановтың ақындық әлемі», «Master the language», «Әлемдік мұра географиясы», «Әлем және өркениет» курстары алынды.

Инварианттық оқу жүктемесіне сай 10-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы оқытылады. Курс білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

10-11 сыныптарда оқушылардың жеке қабілеттерін айқындап, жетілдіре отырып жеке тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында дене шынықтыру: спорттық ойындардан «Шах! Мат!» таңдап алынды.

2024 – 2025 оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 29 тамыз 2024 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша 5-9 сыныптарда Үлгілік оқу жоспары «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы) —№6 қосымшасы және 10-11 сыныптарда Үлгілік оқу жоспары «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен) —№ 21,22 қосымшалары;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері

туралы» Әдістемелік нұсқау хат.

5-9 сыныптардағы жұмыстың оқу жоспары «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы) —№6 қосымшасына сәйкес жасалды. Инварианттық оқу жүктемесіне сай 5-9-сыныптарда **«Жаһандық құзыреттіліктер»** курсы оқытылады. Курс білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

10-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық бағыты, жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, № 21,22 қосымшаларына сәйкес жасалды.

10-сыныптарда Жаратылыстану-математика бағытының физика-математика бейіні бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша физика, география, информатика, Қазақстан тарихынан **«Физиканың негізгі заңдары»**, **«Географиялық карталар мен картография»** **«Ақпараттық технологиялар»**, **«Кіші жүз батырлары»**, **«Математикалық сауаттылық»** курсы алынды.

10-сыныптарда Жаратылыстану-математика бағытының биология-химия бейіні бойынша инвариативті компоненттен оқушылардың таңдауы бойынша биология, Қазақстан тарихы, география, химиядан **«Биотехнология»**, **«Кіші жүз батырлары»**, **«Органикалық химия курсын модельдеуді оқыту»** , **«Математикалық сауаттылық»** курсы алынды.

